

2017 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 12 сәуірдегі № 759 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 сәуірде № 5800 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 14813 нөмірімен тіркелген) және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 3-2-10/6829 хатына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

- 1) субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялау нормативтері және көлемдері осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес;
- 2) ауыл шаруашылығы жануарлары азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату бағыты бойынша өлшемшарттар мен талаптар осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық әкімдігінің 21.11.2017 № 946 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. "2017 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 26 қаңтардағы № 700 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5716 нөмірімен тіркелген, "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2017 жылғы 7 ақпанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Субсидиялау бағыттары бойынша нормативтер, сондай-ақ, субсидиялар көлемдері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 21.11.2017 № 946 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Субсидиялау бағыты	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	
			бас, тонна	мың теңге
Етті мал шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымдық және селекциялық жұмыс жүргізу			
1.1	Тауарлы аналық бас			
1)	Базалық норматив	10000	47006	470060
	Қосымша норматив:			
2)	80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	8000	268	2144
	60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	6000	398	2388
1.2	Асыл тұқымды аналық бас			
1)	Базалық норматив	10000	1652	16520
	Қосымша норматив:			
2)	80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	20000	24	480
	70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	15000		
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу			
		150000	1242	186383,3
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу			
1.1	Асыл тұқымды аналық бас			
1)	Базалық норматив	10000	1527	15270
	Қосымша норматив:			
2)	70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	20000		
	60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	15000		
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу			
1)	отандық шаруашылықтардың асыл тұқымды ірі қара малы	170000	60	10200
3.	Сүт өндіру мен дайындаудың құнын арзандату:			
1)	жемдік мал басы 400 бастан басталатын шаруашылық	25	3046,5	76163,3
		12	4710,8	56529,6
2)	жемдік мал басы 50 бастан басталатын шаруашылық	15		
3)	ауыл шаруашылығы кооперативтеріне	10		
Мал шаруашылығы				
1.	Бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату			
1)	нақты бордақыланғаны 3000 бастан бастап	45000		

2)	нақты бордақыланғаны 2500 бастан бастап	40000		
3)	нақты бордақыланғаны 2000 бастан бастап	35000		
4)	нақты бордақыланғаны 1500 бастан бастап	30000		
5)	нақты бордақыланғаны 1000 бастан бастап	25000		
6)	нақты бордақыланғаны 100 бастан бастап	20000		
7)	ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін	20000		
2.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сондай-ақ, қойдың қаракөл тұқымдарын өсірумен айналысатын шаруа (фермер) қожалықтарында ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	4000	9298	37192
3.	Қоғамдық және тауарлы табындарда етті, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу	100000	20	2000
Қой шаруашылығы				
1.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда, ауыл шаруашылығы кооперативтерінде, сондай-ақ, қойдың қаракөл тұқымдарын өсірумен айналысатын шаруа (фермер) қожалықтарында қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	1000		
2.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу			
1)	асыл тұқымды қойлардың аналық басы	2500	31028	77570
2)	тауарлы қойлардың аналық басы	1500	14872	22308
3.	Асыл тұқымды қойлар сатып алу			
1)	тұсақтар	8000	3690	29520
2)	тұқымдық қошқарлар	20000	1093	20658,5
3)	асыл тұқымды орталықтарға арналған тұқымдық қошқарлар	30000	120	3600
4.	Қозы етін өндіру құнын арзандату			
		1500		
Жылқы шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды айғырлар сатып алу	100000	93	9300
2.	Асыл тұқымды аналық бас сатып алу	40000	150	6000
3.	Бие сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін	85	15,1	1283,5
4.	Жылқы етін өндіру құнын арзандату			
		120	10,5	1260
Түйе шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды тұқымдық түйелер сатып алу	100000		
2.	Асыл тұқымды аналық бас сатып алу	40000		
3.	Түйе сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін	75	9,7	730,8
4.	Түйе етін өндіру құнын арзандату			
		100	20,0	2000
Азық өндіру				
1.	Мал шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін құрамажем зауыттары өткізген құрамажем құнын арзандату	20000		
2.	Жыл айналым байлауда тұратын 400 бастан жоғары асыл тұқымды сүт бағытындағы МІҚ малының аналығын күту	330786	981	324501
	Жыл айналым байлауда тұратын 400 бастан жоғары аналығы бар сүт бағытындағы асыл тұқымды ірі қара малды өсірумен			

3.	айналысатын шаруашылықтың өз төлі есебінен мал басын толықтыратын төлдерін күту	251692	156	39264
Барлығы		x	x	1413326,9

Ескертпе: * - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің келісімі бойынша белгіленген нормативті жергілікті бюджеттен қосымша бюджеттік қаражат бөлінген немесе басқа бюджеттік бағдарламалардан қайта бөлінген кезде субсидиялау нормативін 50%-ға дейін ұлғайтуға рұқсат етіледі.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы "21" қарашадағы № 946 қаулысына 2-қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарлары азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату бағыты бойынша өлшемшарттар мен талаптар

Ескерту. Қосымша толықтырылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 21.11.2017 № 946 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Субсидиялау бағыты	Өлшемшарттар мен талаптар
1	Ауыл шаруашылығы жануарлары азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату	
	Жыл айналым байлауда тұратын 400 бастан жоғары асыл тұқымды сүт бағытындағы МІҚ малының аналығын күту	ағымдағы жылдың 1 қаңтарына меншігіндегі аналық сиырлар саны 400 бастан кем емес; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басының ауыл шаруашылығы малдарының сәйкестендіру базасы мен ақпараттық талдау жүйесінде тіркеуде болуы; ветеринариялық, ветеринариялық-санитарлық іс-шараларды ұйымдастыру, жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу
	Жыл айналым байлауда тұратын 400 бастан жоғары аналығы бар сүт бағытындағы асыл тұқымды ірі қара малды өсірумен айналысатын шаруашылықтың өз төлі есебінен мал басын толықтыратын төлдерін күту	ағымдағы жылдың 1 қаңтарына меншігіндегі аналық сиырлар саны 400 бастан кем емес; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басының ауыл шаруашылығы малдарының сәйкестендіру базасы мен ақпараттық талдау жүйесінде тіркеуде болуы; ветеринариялық, ветеринариялық-санитарлық іс-шараларды ұйымдастыру, жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу